

## Шет ауданы Киікті ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы Киікті ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 мамырда № 4741 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 7 бабына және 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және 2017 жылғы 6 желтоқсандағы Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындылары негізінде, сондай-ақ ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Киікті ауылдық округінің әкімі

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданы Киікті ауылындағы:  
"Школьная" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесі;  
"Западная" көшесі "Ағыбай батыр" көшесі;  
"Клубная" көшесі "Қазыбек би" көшесі;  
"Горная" көшесі "Желтоқсан" көшесі;  
"Речная" көшесі "Бейбітшілік" көшесі;  
"Вокзальная, Привокзальная" көшелері "Әбікен Хасенов" көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Киікті ауылдық округінің әкімі*

*К. Рахметов*